

Өздік етіс

Өздік етіс қимыл, іс-әрекеттің орындаушысына (иесіне), субъектіге қарай бағытталып, сабақты етістікке *-ын, -ін, -н* қосымшасы жалғанып жасалады: *ки – ки-ін-ді, көр (дәрігерге) – көр-ін-ді, шеш – шеш-ін-ді, тара – тара-н-ды, сұра – сұра-н-ды, сұрт – сұрт-ін-ді* т.б. Осы мысалдан көрінетіндей, біріншіден, қимыл, іс-әрекет іс иесі субъектіге қарай бағытталады, сөйтіп, ол өзіне-өзі субъекті әрі тура объекті мәнінде қызмет атқарады. Ол өзін-өзі киіндіреді, өзін-өзі тазалайды, өзін (дәрігерге) көрсетеді, өзін-өзі шешіндіреді, өзін, яғни шашын өзі тарайды, өзін біреуден, жұмыстан босатуға, бір жаққа баруға сұрайды, өзін, денесін, бетін сүртеді. Бұл жерде түбірдегі сабақты етістіктердің объектісі субъектінің дене мүшесіне, өзіне т.б. қарасты сөздер, ал өздік етісте ол объекті түгел субъектінің өзіне көшеді. Екіншіден, өздік етіс жұрнағы негізінен сабақты етістікке жалғанады, бірақ барлық сабақты етістіктерден өздік етіс жасала бермейді, яғни барлық сабақты етістік түбірге өздік етіс қосымшасы жалғана бермейді, тек қимыл, іс-әрекет субъектінің өзіне қарай бағытталатын сабақты етістіктерден ғана өздік етіс жасалады және онда өздік етіс қосымшасы сабақты етістікті салт етістікке айналдыру қызметін атқарады. Мысалы, *айт, оқы, бер, (атты) ағыт, ат* т.б. сияқты сабақты етістіктерден өздік етіс жасалмайды, өйткені бұл сияқты сабақты етістіктердің тура объектілері (өлеңді, әңгімені айту, кітап оқу, қарызды, кітапты беру, атты ағыту, біреуді ату) іс иесі субъектіге тура қаратыла алмайды. Кейде жыр мәтіндерінде өздік етісті сөйлемде тура объекті бөлек беріліп, қимылдың субъектіге байланысты нақты қай жеріне бағытталғанын білдіреді: *Енді белін түйінді, Асыл киім киінді* (Қыз Жібек). Бұл – әдеттегі қолданыстан гөрі стильдік мақсаттағы нормадан ауытқу болып табылады.

Сонымен бірге өздік етіс көрсеткішіне құранды (күрделі) қосымша *-лан, -лен, -дан, -ден, -тан, -тен* де жатқызылады: *ой-лан, намыс-тан* т.б. Бұл құранды қосымша сөзжасам *-ла, -ле, -да, -де, -та, -те* қосымшасы мен өздік етіс *-н* қосымшаларынан құралғанын көру қиын емес.

Кейбір өздік етіс тұлғалы етістіктерге басқа етіс тұлғалары қабаттасып жалғана алады. Мысалы: *ки-ін-діру, шеш-ін-дір-у*. Бірақ бұл барлық өздік етіс формалы етістіктерге тән емес. Мысалы, *сұрандыру, көріндіру* сияқты қолданыстар жоқ.

Өздік етіс қосымшасы орхон-енисей жазуларынан бұрын қалыптасқан көне қосымша. XI ғасырларда кейбір сөздердің құрамында қолданылған *-н* қосымшасы десемантизация құбылысына ұшырай бастаған да түбір морфемалармен кірігіп кеткен. Мысалы, түрколог-ғалымдардың (М.Оразов) пікірінше, қазіргі тіліміздегі *қуану, күңірену, табыну, ашыну, аяну, бағыну басыну, қағыну* сөздері құрамындағы *-н* қосымшасы өздік етіс тұлғасы. Ал бірақ қазіргі кезде бұл етістіктер түбір мен қосымшаға ажыратылмайды.